

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1.Ecosystem (англ.)
- 2.VIVACITY — Стрит арт в России (рус.)
- 3.Стрит-арткаталогессылок Open Directory Project (dmoz).
- 4.Дьяконов В. Эпоха развитого вандализма // Власть. — 2010. — 12 июля.

ӘОЖ 747.012.05

ТҮСТЕРДІҢ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ТҮСТІК АССОЦИАЦИЯЛАР

Қуат Айдана

beginbay2016@yandex.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Дизайн және инженерлік графика»
кафедрасының 1 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші – п.ғ.к., доцент К.М. Бегімбай

Қазіргі заманғы дизайн салаларында түстерді қолданудың әртүрлі ағымдары қатар кездесуде. Адамзат қоғамының дамуына байланысты адамның қоршаған ортаға деген көз қарасы елеулі өзгерістерге ұшырап отырғанын дизайн тарихы пәніндегі тарихи шолудан білеміз. Адам талғамымен бірге түске деген көзқарастары да өзгеріп отыратыны заңдылық.

Тас дәуірінде адам тек табиғи түстерді ажырата білсе, әртүрлі технологиялардың дамуына байланысты бояулардың пайда болуы қоршаған заттық ортада түстерді белгілі бір ұғымдарға байланыты қолдану кезеңі пайда болды.

Атап айтқанда діни көзқарастарға тікелей байланыты түстерді қолдану жүйелері әртүрлі діни ағымдарға тиесілі конондарды, яғни міндетті түрде ұстануға тиіс ережелерді қолдануды бақылау орта ғасырға тән құбылыс екені бәрімізге мәлім.

Сонымен қатар әр халықтың дәстүрлік сенім нанымдарында қалыптасқан түстерге деген көзқарастар осы күнге дейін өміршеңдіктің дәлелі болып отыр. «Этностиль» деп аталатын заманауи дизайндық ағымдар осы күндері қайтадан жанданып, дизайнның әртүрлі салаларында кең қолданыс табуда [1].

Осының дәлелі ретінде өзіміздің қазақи ұстанымдарымыз қайта жаңғырып, қалыс қалған жақтары ғылыми және тәжірибе жүзінде жаңаша көзқараспен қайта қаралып, зерттелуде.

Түсті адамның көріп, қабылдауы және түйсіну заңдылықтарын зерттеу мәселесін физиология, психология, социология, философия және тұстану ғылымдарының алатын орындары ерекше. Адам көзінің түстерді қабылдауы және оны түйсігінде саралау қасиетінің механизімін физика және физиология ғылымдары зерттеген.

Ғалымдардың пайымдауы бойынша адам мыңдаған түстерді ажырата біледі. Адамзат дамуы барысында әуелде қоршаған ортадағы табиғи түстерді қабылдау мүмкіншілігіне ие болғанын білеміз. Табиғи құбалыстар, тау, тас, жер, су, өсімдіктер мен жануарлар әлеміндегі кездесетін табиғи түстерді ажырата білу адамның бастапқы тұстану қаблеттерінің негізін қалаған.

Табиғи ұқсастығына байланысты табиғатта кездесетін заттарға сәйкес түс атаулары әр халықта өзіндік мәдениетке сай қалыптасқан.

Мысалы, металл түстерін сипаттайтын түстердің атаулары күміс түстес, алтын түстес, қола түстес, темір түстес (металлик), мыс түстес және т.т.

Табиғи тастарға – бирюза, малахит, сапфир, коралл т.б. сай атаулар жиі қолданылады.

Қазақ халқында төрт түлік малды ажырату үшін қолданылатын түстік атаулар – күрең, жирен, ақ боз, сұр т.т. атап кетуге болады.

Табиғи құбылыстарды сипаттайтын немесе балама түрінде қолданылатын түстерді атап өтетін болсақ – алтын күз, көгілдір аспан, жасыл шөп, қоңыр күз, ақ қар, теңіз толқыны түстес түс, көк шалғын, ала тау, қызыл алма, лимон түстес, сұр жауын т.б.

Түстердің түрлері мен атаулары

Түстердің түрлері. Көптеген түстерге ассоцияларға байланысты атаулар беріледі. Төменде кейбір атаулар келтірілген.

Қызыл: қызылша түстес, анар түстес, қан түстес, қызамық түстес, жидек түстес, коралл түстес, мыс түстес, раушан түстес...

Қызғылтсары: от, сәбіз, кірпіш, қыш, апелсин, тат, бал, қола, шабдал түстес...

Сары: охра, шабдал, алтын, янтарь, құм, шөп, қаймақ, піл сүйегі, адам денесі, крем, боз, шай раушаны, жүзім, банан түстес...

Жасыл: зәйтүн, бұршақ, теңіз толқыны, шырша, жусан, көгерген, батпақ, шылым, хаки, бутылка, салат, малахит, изумруд, мыс таты, купорос, шөп, бақа, фосфор түстес...

Көгілдір: бирюза, аквамарин, лазур, аспан, электрик...

Көк: сапфир, ультрамарин, кобальт, индиго, өрік, баклажан түстес...

Күлгін: аметист, сирен, лило, сия, гиацинт, Ренессанс, фанданго, орхидея, вербена...

Көкшілқызыл: ашыған малина, мальва, жаншылған шие, ескі бургунд, бұқа қаны, каприз, портвейн, Веласкес, Медичи, Бахус, амарант...

Ақшыл сұр: ақ түн, алюмин, болат, түтін, күміс, сүт, графит, лилия, сұлы ұны, жұмыртқаның қабы, перламутр, маржан, қола, альбатрос, шаң, тұман, бұлт түстес...

Қара: қарға қанаты, күйген терек, антрацит, агат, маренго, асфальт, тропикалық түн, «ревизия алдындағы түн», «ұшуға болмайтын ауа райы»...

Қоңыр: жаңғақ, шоколад, кофе, каштан, боз, эскимо, қызыл ағаш, торф, мокасин, Тонагро, Пикадили...

Түстік ассоциациялардың жіктелуі. Ғылыми зерттеулердің нәтижесіне сүйене отырып анықтағанымыз – түстер адам санасында тудыратын ассоциацияларға сай былай жіктеледі:

- 1) **Салмаққа:** жеңіл, ауыр, ауа тәріздес және т.б..
- 2) **Температураға:** жылы, суық, ыстық, мұз тәріздес және т.б..
- 3) **Сезінуге:** жұмсақ, қатты және т.б..
- 4) **Кеңістікке:** жақын, алыс, алға шығып тұрған, артқа кетіп қалған...
- 5) **Дыбысқа:** тыныш, шулы, айқайлаған, естілмейтін...
- 6) **Дәмге:** тәтті, дәмді, тым тәтті, ащы...
- 7) **Жасына:** балалардың, жастардың, қарттардың...
- 8) **Мезгілге:** көктемгі, жазғы, қысқы...
- 9) **Этикалық:** ер мінезді, батыл, сентиментальды...
- 10) **Эмоциональдыққа:** позитивті (қуаныш, бақыт...), негативті және нейтральды (тыныш, байыпты, ұстамды...)
- 11) **Мәдениетке:** әртүрлі халықтардың колоритін еске салатын, өзіндік мәдениетіне тән.

Жалпылама тұжырым: түс неғрлым таза болса, соғұрлым оған деген ассоциациялық реакция тұрақты болып келеді. Ең қалыпты ассоциациялар қатарына – температуралық, салмақтық және дыбыстық түрлері жатады [2].

Қалыпты емес ассоциациялар қатарына дәмдік, сезіну және эмоциялық түрлері жатады. Мысалы, көкшіл қызғылт (пурпур) қолданылу ретіне байланысты әртүрлі ассоциациялар тудырады, ал сары мен жасыл одан да көп ассоциациялар тудыратын қасиетке ие.

Түс тілі және символикасы.

Кез келген түс жағымды (позитивті) немесе жағымсыз (негативті) мағаналы болуы мүмкін. Төменде негізгі және қосымша түстердің адам санасында қандай ассоциация тудыратыны сипатталған.

Қызыл. Жағымды ассоциациялар: ассоциацияның басты көзі – тіршілік атаулыға тиесілігінде. Қан, гүлдер, жемістер, адам жаратылған саз балшық. Адам аударғанда қызыл

жер мағнасын білдіреді. Қызыл түс – бұл күш, энергия, өмірдің көзі. Жаратылыс символы. Қызыл жамандықты қуатын сиқырлы түс, тіршілік көзі күн мен жылылықтың, тұмарлардың, байламалардың, өрнектердің түсі. Сұлулық символы (қалыңдық киімі). Аруақтар мен құдайлардың көпшілігін қызыл түспен бояған: қайрымдысын да, қайрымсызын да.

Жағымсыз ассоциациялар: өлім, күнә, кек алу, соғыс символы, күрес, ыза, қаталдық, ашу, қарсы тұру және т.б. Ең таза түс – ақ түске қарсы қойылады. Қатер мен тиым салу белгісі ретінде қолданылады.

Ақ. Жағымды ассоциациялар: Басым көпшілігінде жағымды мағналы түс ретінде ерекшеленіледі. Ырыстың, тазалықтың, қуаныштың, бейбітшіліктің, денсаулықтың, бітімгершіліктің, ұрпақтың көбеюінің символы. Күндізгі мезгіл, күннің жарығы, белсенділік түсі. Қара түске қарсы, тазарудың, жуу, су, қаперсіздік, күнәсіздік және қайрымдылық белгісі. Өлі мен тірінің арасындағы келісім белгісі. Құдайдың, қайрымды аруақтар және қайтыс болғандардың түстері. Тектіліктің, тәкәппарлықтың, ырыстылықтың белгісі.

Жағымсыз ассоциациялар: қартаюдың жақындағандығының, аурудың, суықтың, ақ шаштың, өлімнің, қасіреттің, үнсіздіктің, ажырасудың белгісі ретінде.

Қара. Жағымды ассоциациялар: мұсылмандарда сүйіспеншіліктің, ежелгі философтарда – жаратқанның қараңғылығының символы. Сұлулық (шығыста) тыныштық, демалыс.

Жағымсыз ассоциациялар: көреалмаушылық, түн, қорқыныш, зұлымдық, қараңғылық, өлім, қайғы, күнә, ібілістің түсі, сатқындық...

Жасыл. Жағымды ассоциациялар: өнім құдайларының түсі, христиан дінінде Христостың және пірәдарларлардың жердегі өмір символы, мұсылмандарда жұмақ бағының шөлдегі оазистың түсі, әйел түсі.

Жағымсыз ассоциациялар: христиан дінінде ібіліс, харам, есінен адасу, Адамды азғырған ібілістің, ішімдік (жасыл жылан), орыстарда шөптің тұнбасының, удың сол сияқтылардың.

Сары. Жағымды ассоциациялар: тірінің бәрі, күн, алтын. Көне Қытайда құдайлардың, патшалықтың, даңқтың, жердің және әйелдің түсі.

Жағымсыз ассоциациялар: Сатқындық, Иуданың күнәсі, суалу, алдау, ескерту, сары уайымға салыну.

Көк. Жағымды ассоциациялар: Ең маңызды, ұстамды түс. Судың, аспанның, шығыста – жоғарғы әлемнің, құдайдың, христиан дінінде – ашылмайтын құпияның символы. Рухани тазалық, сенімге беріктік, жоғары тектілік, дамудың шырқау шегі, әділдік, тыныштық. Жағымсыз ассоциациялар: зұлымдық, ібіліс, көне Қытайда – көк шыбын – жалақор, Нидерландыда көк жамылғы – опасыз әйел. Күнә, суық, кәрілік, қасірет шегу, Индияда – уайым мен қайғы.

Күлгін. Жағымды ассоциациялар: Құпиялылық, есте сақтау, еске түсіру, ойланып тірлік жасау. Ағартылған күлгін – руханилық, романтиктер түсі.

Жағымсыз ассоциациялар: Үрей, қорқыныш, кәрілік, өмірдің өшуі.

Көкшілқызыл. Жағымды ассоциациялар: байлық, патшалық, ең жоғарғы сұлулық, билік, руханилық, тәкәппарлық.

Сұр. Жағымды ассоциациялар: сұлулық, тектілік, жақсы талғамның белгісі. *Жағымсыз ассоциациялар:* көнеде – кедейлік түсі, уайым, өшу, тұман, көре алмаушылық, бақытсыздық.

Қызғылтсары. Жағымды ассоциациялар: көңілділік, қуаныш, бала қуанышы, жылылық пен жайлылық.

Ағартылған немесе қарайтылған түрлері тек жағымсыз әсер етеді: лайланған, тым тәтті, жиіркенішті[3].

Бұл еңбекте аталған түстердің түрлері мен олардың адам санасында тудыратын ассоциацияларын зерделей келе айтарымыз, заманауи дизайн саласында оларды қолдану барысында осы жоғарыдағы сипатталған қасиеттерін ескеру қажет. Белгілі-бір түс бір елде немесе этноста жағымды ассоциация тудырғанымен басқа жерде кері әсер етуі мүмкін.

Сондықтан, болашақ дизайнерлер түстердің адам психикасына қалай әсер ететіндіктерін жете зерделеп, ажырата білуі керек. Келешекте кәсіби қызметінде дизайн

нысандарын жобалау ісінде түстерді орынды да ұтымды қолдану арқылы көпшіліктің көңілінен шығатын көркем туындылар жасауының кепілі болмақ.

Қолданылған дереккөздер тізімі

1. Бегімбай К.М.Тұстану. Оқу құралы. – Астана, ЕҰУ. 2012. – 92 б.
2. Зайцев А.С. Наука о цвете и живопись. – М.: Искусство, 2006. – 158 с.
3. Волков Н.Н. Психология искусства. – М.: Просвещение, 2001. – 206 с.

ӘОЖ 747.012

МИНИМАЛИЗМ СТИЛІНДЕГІ АС ҮЙ ИНТЕРЬЕРІНІҢ ДИЗАЙН КОНЦЕПЦИЯСЫН ЖОБАЛАУ ЖОЛДАРЫ

Құлжанова Назерке Қарасайқызы

kulzhanova_nk@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Дизайн және инженерлік графика» кафедрасының 4 курс
студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – өнертану ғылымдарының магистрі, аға оқытушы З.Б. Бозтай

Қазіргі таңда, асүй - жаңа технология мен материалдарды сынап көретін дизайндағы басты зертхана болып табылады. Асүйдің стандартқа бағынып-бағынбауы немесе тұлғасыз әлдебір сәнге енуі әлі бегісіз. Ең маңыздысы - басқада. Жүзжылдық күресте ол өзінің қабілетін жоғалтқан емес. Ас үй құлдығы енді жоқ деп сеніммен айтуға болады және де бұған дизайнның қосқан үлесі зор. Қазіргі заманғы ас үй - бұл максималды жайлылық, жетілдірілген форма мен жоғары деңгейдегі технология. Барлығы да эргономикаға бағынған. Асүйдің дизайнына тек қана сыртқы көрінісі ғана емес, сонымен қатар жиһаздардың, жабдықтардың (плита, тоңазытқыш, шкафтар, бақалшақ, орнатылған техника) және аксессуарлардың қолайлы түрде орналасуы жатады. Бүгінгі күнде асүй бағынышты орын болып саналады. Ас әзірлеу күнделікті әрі барлығына қолжетімді өнерге айналып бара жатыр. Асүй - уақыттың көп бөлігін алатын үйдегі маңызды орындардың бірі, сондықтан асүйде барлығы ыңғайлы әрі рационалды түрде болуы керек [1].

Ас үй интерьері барлық тұрғын үй орнының біртұтастығын қабылдауында басты рөл атқарады. Дәл осы жерде, тұрғын үй талғамын қанағаттандыратын, жоғары деңгейдегі жылылық пен ыңғайлы жабдықтар талап етіледі. Бүгінгі таңда, нарықта, асүйдің әралуан әрі таңдаулы дизайнерлік шешімі бар түрлері көрсетілген. Дегенмен, оның тура бағыттылығын ұмытпаған жөн. Жайлылық, сенімділік әрі қарапайымдылықтың үйлесімділігін пайдалану, көптеген адамдардың асүй жиһазына деген қызығушылығын арттырады. Мұндай құндылықты кез-келген үй иесі бағалайтыны сөзсіз.

Минимализм стиліндегі ас бөлмесінің дизайндық тұжырымдамадағы басты мақсаты - композициялық түстік шешім мен өнердің қайнар көзі. Алға қойылған мақсатқа жету барысында, берілген жұмыс мына кезеңдермен орындалды: асүй жиһазын кешенді жобалау кезінде заманауи әлемдік және отандық тәжірибелер талданды, зерттелді және сол тәжірибемен жинақталды; өнімнің түптамасы анықталып, стильдің өзіндік ерекшелігі анықталды.

Асүй жиһазын зерттеу барысында, асүй интерьерін дайындауға екі негізгі стильдің қолданылатыны анықталды. Бұл - дәстүрлі (классикалық) және заманауи (модерн) стилі. Интерьерді дәстүрлі, яғни классикалық стильде әрлеу үшін, оның эргономикасы мен функционалдылығына аса мән берген дұрыс. Барлық құралдар өзінің жоғары тәжірибелігімен және төзімділігімен ерекшеленуі керек.

Асүй интерьерін жобалау барысындағы дизайн тұжырымдамасына минимализм стилі лайықты.